



Әкім есебі

Ел ішіндегі есепті жиындар



Биылғы жартыжылдықтағы есепті жиындар ұйымшылдықпен өтті. Жергілікті тұрғындармен есепті кездесулер 14 маусым – Ынтылы, Бесоба мен Угар, 19 маусым – Жаңатоған, Н.Әбдіров пен Қайнарбұлақ, 20 маусым – Темірші, Томар мен Бақты ауылдық округтерінде өтсе, 21 маусым күні есепті жиындар Шарықты, Егіндібұлақ, Қаракөл және Балқантау ауылдық округтерінде жалғасын тапты. Қарағайлы кентінде жиын 26 маусым күні, Қарқаралы қаласындағы есепті кездесу 27 маусым күні өтті.

Ел ішінде өткен кездесулерге аудан әкімі Әділжан Арғынов, аудандық мәслихат төрағасы Саят Оспанов, бірқатар аудандық бөлім басшылары және өңірлерден сайланған аудандық мәслихат депутаттары қатысты. Кездесу барысында округ әкімдерінің есепті баяндамалары тыңдалып, жос-


парлы жұмыстардың барысы мен туындаған мәселелер тұрғындармен бірлесе талқыланды. Жергілікті тұрғындар жиын үстінде өздерін толғандырған сұрақтары мен ұсыныстарын аудан басшыларына жолдады. Жолдарды күтіп-ұстау, ветеринариялық қызмет, интернеттің жылдам-

дығын арттыру, электр желісін жөндеу, елдімекендерді абаттандыру, тарихи мұраларды дәріптеу және басқа да маңызды мәселелер көтерілді.

Аудан басшысы тұрғындар тарапынан қойылған әрбір сауалға заң аясында тиянақты жауап беріп, әкімдер мен бөлім басшыларына бірқатар тапсырма жүктеді және олардың сапалы орындалысын тікелей бақылауда ұстайтынын жеткізді.

Осылайша, бекітілген кестеге сәйкес, ауданымыз бойынша барлық округтерді қамтыған бірінші жартыжылдықтағы есепті жиындар аяқталды.

«Қарқаралы ауданының әкім аппараты» ММ



Құрметті бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері мен ардагерлері!

Сіздерді Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен құттықтаймыз!

Ақпарат тарату ісі қарқынды дамыған заманда аталған сала мамандарының атқарып отырған қызметі маңызды. Тұтастай еліміздің қоғамдық-саяси өмірімен үндесіп жатқан аудан жаңалықтары мен іргелі жобалары, сондай-ақ, әр саладағы жұмыстар мен бастамалар аудандық «Қарқаралы» газеті беттерінде үзбей жарияланып келеді.

Аудандық газеттегі ресми мәліметтер, қызғылықты материалдар, тартымды айдарлар аясындағы мақалалар қалың оқырман қауымға сапалы да салмақты ақпарат таратып, азаматтық һәм рухани құндылықтарды дәріптейді.

Тоқсан жылдан астам тарихы бар басылымда әр жылдарда еңбек еткен баспасөз майталмандары мен білікті қызметкерлердің, техникалық мамандардың елеулі еңбегі қашанда құрметке ие.

Арқа өңіріндегі байырғы басылым алдағы уақытта да үлгілі үрдістен көрініп, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық нығаюына үлес қосады деп сенеміз.

Кәсіби мерекемен құттықтай отырып, баршаңызға мол қажыр-қайрат, тың шығармашылық табыстар тілейміз.

Әділжан АРҒЫНОВ,
аудан әкімі

Саят ОСПАНОВ,
аудандық мәслихат төрағасы

Қарқаралы хан Бертіс – 390

Ұлы тұлғаны ұлықтады

22 маусымда Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің тарих факультеті орналасқан оқу корпусында XVII ғасырдың ортасы мен XVIII ғасырдың басында Қазақ мемлекеттілігіне ерекше еңбегі сіңген ұлы тұлға, даңқты би, халық арасында «Қарқаралы Хан Бертіс» атанған Бертіс би Шаншарұлының туғанына 390 жыл толуына арналған «Қарқаралы Хан Бертіс және оның заманы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция болып өтті. Аталған жиын Бертіс бидің өмірі мен қызметін және өмір сүрген заманы туралы ақпараттарды терең тарихи танымдық маңызы бар ғылыми зерттеулерге қызығушылық танытатын қауымға кеңінен насихаттауды мақсат етті.



«Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясының IX томында Бертіс туралы төмендегідей деректер келтірілген: «Шаншарұлы Бертіс (Бердібек) (1633 – 1707) – би. Орта жүз Арғын тайпасының Қаракесек (Болатқожа) руынан шыққан.

Әкесі Шаншар Бұлбұлұлы Есім хан мен Тұрсын ханның қақтығысы тұсында Есім жағында болып, айрықша көзге түскен. Шаншарұлы Бертіс 17 ғасырда жоңғар-қазақ соғысының майдандарында ерлік пен тапқырлық көрсеткен. Ташкентті, Балқаш өңірі мен Қарқаралыны жоңғар басқыншыларынан азат ету шайқасына қатысқан. Жәңгір хан мен Тәуке ханның кеңесшісі болған. Ескіден жеткен аңыз әңгімелерде Шаншарұлы Бертіс биліктен тайған ханның орнына әмір болып, Ташкент өңірін басқарғандықтан «Қарқаралы хан Бертіс» аталыпты дейді. Шаншарұлы Бертіс, сонымен қатар, майталман шешен, дарынды ақын, өнерлі күйші болған. Еспенбет, Бектемір, Мешеке, Қазанғап, Қантай, Тонтай тәрізді би-шешендердің,

атақты күйші Тәттімбет пен Абайдың анасы Ұлжанның үлкен атасы. Балқаш қаласы жағасында шығанақ, темір жолдың солтүстігіндегі бұлақ Шаншарұлы Бертістің есімімен аталады. Ұрпағы Тәттімбет «Бертіс» атты күй шығарған. Шаншарұлы Бертіс Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне жерленген».

Конференцияда төмендегі ғылыми бағыттар бойынша баяндамалар жасалды:

- Бертіс би – мемлекет және қоғам қайраткері;
- Қазақ мемлекеттілігінің нығаюындағы тұлғалардың тарихи рөлі;
- Қазақстан тарихының аса өзекті мәселелері.

Конференцияны тарих факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Ж.Ө.Жұмабеков ашып, жүргізіп отырды. Ұлт тарихының аласапыран кезеңдерінде өмір сүріп, мемлекеттік құрылымның қалыптасуына айрықша еңбек сіңірген тұлғалардың есімі мен еңбегін қайта жаңғырту қажеттігін, бұл үшін халықаралық деңгейде ұйымдастырылған жиынның маңызын академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің Басқарма төрағасы – ректор, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, заң ғылымдарының докторы, профессор

Н.О.Дулатбеков, қоғам және мемлекет қайраткері, ҚР Көлік министрлігі Қоғамдық кеңесінің төрағасы, Бертіс бидің ұрпағы Б.С.Камалиев өздерінің құттықтау сөздерінде атап көрсетсе, Қарағанды облысының әкімі Е.Қ.Бөлекбаевтың құттықтау хатын облыс мәдениет басқармасының басшысы Е.Қ.Жұмакенов оқып берді, Қарқаралы ауданының әкімі Ә.Арғынұлының сәлемдемесін орынбасары Б.М.Тоқмұрзин жеткізді.

Жиынның кіріспе бөлімінде отандық тарихты қалпына келтіру үшін соны ғылыми жаңалықтарды, технологиялар мен әдістемелерді пайдаланып зерттеу жүргізуде алғашқы жетістіктерге ие болған он жас зерттеушіге – студенттерге, магистранттар мен докторанттарға Берік Сайлауұлының атынан арнайы стипендия табыс етілді.

Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда бірінші, мазмұнды баяндаманы «Бертіс хан туралы жазбалар» деген тақырыпты тарих ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры Ж.О.Артықбаев жасады.

Техника ғылымдарының докторы, профессор, Тау-кен академиясының академигі Н.Жалғасұлы (Алматы) баяндамасын «Ғасырлар тоғысындағы Бертіс хан мекенінің қарбалас тіршілігі» деп атаған екен. Бұл кісі хан Бертіс тақырыбына қалай келгенін, гуманитарлық бағыт өзін қалай

қызықтырғанын әсерлі әңгімесіне арқау етті.

Тарту (Эстония) университетінің профессоры, PhD докторы Ф.Вентсель Орталық Азия халықтарының тарихы, оның ішінде Қазақ хандығы дәуірі мен қазақ даласын Ресей империясының отарлау кезеңіндегі алмағайып оқиғалар өзін қалай және неге қызықтыратынын, бұл мәселелер Батыстың ғылыми әдебиеттерінде аз көрсетілетінін баяндады.

География ғылымдарының кандидаты, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, география факультетінің деканы С.А.Талжановтың «XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басындағы Шаншарұлы Бертіс ұрпақтарының қоныстануы» деген тақырыптағы баяндамасы деректері молдығымен конференцияға қатысушылардың қызығушылығын туғызды.

Жиынға қатысушылар тарихшы, өлкетанушы, қаламгер Е.Қ.Төлеуовтың «Бертіс батыр», журналист, драматург, Мәдениет қайраткері Е.Балташұлының «Тәттімбет – күйші-композитор, ағартушы, металлург», PhD докторы Н.Б.Смағұловтың «Жазушы Софы Сматаевтың «Қаз дауысты Қазыбек би» романындағы Бертіс бидің тарихи бейнесі», тарих ғылымдарының докторы, профессор Р.М.Жұмашевтың (көйінгі екі ғалым Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінен) «Қарқаралы хан Бертіс тарихи әдебиеттерде» деген баяндамаларын ықыласпен тыңдады.

Конференцияны ҚР Дипломатия қызметінің еңбек сіңірген қайраткері, қоғам қайраткері, «Бертіс ұрпақтары қоғамдық қайырымдылық қорының» төрағасы Б.Ж.Сейітбатталов қорытындылады. Ол Президент Қ.-Ж.Тоқаевтың Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзіндегі «Тағы бір маңызды жұмыс – бұл тарихи әділдік орнату. Бір кездері ұмытылып кеткен ұлт парзенттерінің есімін қайта жаңғыртуымыз керек. Ел тағдырын айқындағын тарихи оқиғаларға лайықты бағы берген жөн», – деген пікірін алдыға тарта отырып, Қарқаралы хан Бертіс осындай, есімі қайта жаңғыртуды қажет ететін тұлға екенін атап көрсетті.

Конференцияның қорытындысы бойынша арнайы қарар қабылданады. Бертіс бидің өмірі мен қайраткерлік тұлғасы туралы ғылыми-зерттеу жұмыстарды одан әрі жалғастыру; Астана қаласындағы көшелердің біріне Бертіс бидің есімін беріп, еңселі ескерткіш орнату; Қарқаралы

және Қарағанды қалаларында Қазақ хандығы дәуіріндегі даңқты тұлғалардың бірегейі, туған халқынан «Қарқаралы хан Бертіс» деген атақ алған әйгілі биге ескерткіш-стелла тұрғызу; конференция барысында айтылған басқа да ұсыныстар бойынша жұмыстар атқару. Бұл іс-шаралардың орындалуын «Бертіс ұрпақтары» қоғамдық қайырымдылық қоры назарында ұстап, қадағалайды.

Е.ОРАЗБАЙ

P.S. «Бертіс – ұрпақтары» қоғамдық қайырымдылық қоры жұмысын бастағаннан бері өз тарапынан төмендегідей шараларды атқару үстінде: а) «Қарқаралы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ мен Абай ауылдық округі әкімі аппаратының ұсынысы бойынша әлеуметтік осал топтарға жататын, денсаулығына байланысты немесе басқа да себептермен көмекке мұқтаж екі адамға қор есебінен әрқайсына 500 000 (бес жүз мың) теңгеден қаржылай көмек көрсетілді; ә) Әртүрлі табиғи апаттардың және төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында Абай ауылдық округі әкімінің аппаратына 25 (жиырма бес) дана портативті рация және ұялы телефон алынды; б) Егіндібұлақ ауылындағы «Балқантау мешітінің» күмбезі жаңартылып, бұрынғы жасыл түсті күмбез заманауи үлгідегі, құны 4 000 000 теңге тұратын, алтын түсті еңселі күмбезге ауыстырылды; в) Егіндібұлақ ауылындағы «Балқантау мешіті» жанынан «Бертіс би саяжолы» демалыс орнының құрылысы аяқталып, оны заманауи талапқа сай абаттандыру, жарықтандыру, белгі тас қою жұмыстары атқарылды. Саябақтың салтанатты ашылу рәсімі 28-шы маусымда өтеді; г) Абай ауылдық округіндегі фельдшерлік-акушерлік пунктіне қайырымдылық қор есебінен, жол талғамайтын мүмкіндігі бар жаңа ГАЗ 27527 «Соболь» жедел жәрдем автокөлігі сатып алынды. «Қарқаралы аудандық ауруханасы» КМК балансына беру үшін құжаттары рәсімделуде. Мұқтаж адамдарға әлеуметтік көмек көрсету бағытындағы шаралар алдағы уақытта да жалғаса береді.

Еңбек адамы

Өнегелі өмірдің үлгісі

Еңбегімен еліне танылған жандар ешқашан «мен мықтымын» деп сөзбен алға шаппайды, олардың істеген ісін халқы біліп, көріп құрметтейді. Сондай азаматтың бірі – Қарқаралы ауданына қарасты Нұркен ауылының өркендеуіне және ауылдың біте қайнаған қауырт шаруашылығына, саналы ғұмырының 55 жылын арнап, үлесін қосқан, өр тұлға, еңбекқор жан Оразхан Оспанов.



— Ата-анасы бар жандардың бақытты екенін бала кезден көкейімізге түйіп өстік. Иә, біз әке мен ананың тәлімін көріп, мерейлі махаббат пен сыйластық салтанат құрған шаңырақта өмірге келген отбасымыз. Балалық шағымыз Қарқаралының Нұркен елді мекенінде өтті. Ата-анамыздың арқасында ертеңгі күнімізге еш уайым, алаң болмапты. Отбасында «Үлкенге — құрмет, кішіге — ізет» деген ұранмен, біріміз киген киімді киіп, бір нанды бөліп жеп, бауырмалдықта өскен көп қазақ отбасыларының біріненбіз. Қазірде өз қолымыз өз ауымызға жеткен, өз алдымызға дербес тұлға болсақ та, әлі күнге ата-анамызға сол бала күнгідей еркелеп, мәре-сәре болып, бас қосып жататын сәттеріміз аз емес. Осының бәрі ата-анамыздың ұяда берген тәлімі мен тәрбиесі, балалары үшін көп жылдар аянбай еңбек етіп, тер төккендерінің арқасы деп білемін. Есімізде, бала күнімізде әкеміз жұмысқа кетерде дүкеннен тәттіге немесе шырынға тапсырыс беретінбіз, тапсырыс келгенше тапжылмай күтетін едік. Әкеміз үйге кірген бойда алдынан жүгіріп шығатын едік, ал анамыз қазанына дәмді етіп бауырсақ, түрлі тәттілер әзірлеп алдымызға тосатын. Әкеміздің мінезі жұмсақ, пейілі кең, көңілі дархан, ал анамызшыншыл, әділетті, жауапкершілігі мол, бар жылы-жұмсағын балаларына сақтап отыратын жан. Кейде көшеден ата-анамызды танитын замандастарыкөріп, «Оқайдың баласысың ба» дегенде, кеудемізді еріксіз шаттық кернейді, ел сіздердей жандардың балалары болғанымызды мақтан тұтады екен ғой, — дейді Оразхан ағамыздың қызы Алуа.

Оразхан ағамызды адалдығы мен таза көңілі үшін барлық ауыл тұрғындары құрметтеп, қошемет көрсетіп жатады. Жұбайы Гүлшара отбасының тірлігі мен жұмыстағы қызметін қоса алып жүрген, еті тірі, пысық, барлық балаларына талапшыл жан. «Анамыздың бойында бала кезден қыздарын тәрбиелеуде өсек сөзге үйір етпеген,әрі тыйып отыратын тектілік қасиеті жатыр» — дейді Алуа Оразханқызы.

1969 жылы шілде айында олар шаңырақ көтерді. Еңбек жолын Оразхан радист, ал жұбайы Гүлшара кітапханашы болып бастады. 1970 жылы Оразхан аға радиотехник, одан кейінгі жылдары совхоздың бас диспетчері болып қызмет атқарды. Ал, Гүлшара апай осы жылдары клубта үйірме жетекшісі болып, кейіннен клуб меңгерушісі болып жұмыс

жасады. Көркемөнерпаздар үйірмесіне жетекшілік ете отырып, ауданда өтетін байқауларда жүлделі орындарға ие болып, жиі кеңшар, одан аса аудан әкімшілігінің марапаттарына ие болған. 1976 жылдан бастап зейнет жасына дейін кәсіподақта бухгалтер-кассир болып еңбек етті.

— Өнегелі өмірдің үлгісін көрсетіп келе жатқан, тәлім-тәрбиесімен санамызға сәулесін шашып, тамырын тереңге жайған бәйтеректей жайқалған ардақты әкеміз бен анамыздың қашан да бойындағы асыл қасиеттерді ұрпағына сіңіріп, жақсылық пен адамгершілік көрсеткен біз үшін орны бөлек, аса қадірлі жандар. Осындай үйлестікте біз алты бауыр өмірге келіп, қазірде Алланың қалауы, одан кейінгі ата-анамыздың батасымен біраз биіктерді бағындырып жүрген жайымыз бар. Бәрімізде дерлік екі жоғары білімнен бар, — дейді Алуа Оспанова.

Отбасының тұңғышы Қымбат — мектеп-гимназия басшысы, Бағдат — кәсіпкер, Ғалимат мемлекеттік қызметкер, Дархан мен Алуа — білікті заңгер, Әсем — ЖОО-да аға оқытушы. — Қазіргі жеткен жетістіктеріміз ата-анамыздың біз үшін жасаған еңбектерінің арқасы деп білеміз. Отбасын асырау, ұрпағын жеткізу қамымен ата-анамыз ой-қырдан асып, күн-түн демей қызмет қылды. Ата-анамыз бізге өмірдің қилы кезеңдерінде бағыт беріп, шамшырақ болған, тоңғанда жылу сыйлаған қамқор жандар. Талай жылғы бейнетті өмірді артқа тастап, бүгінде ата-анамыздың бірлесіп, өмір сүріп, отау құрғандарына да ширек ғасыр — 55 жыл толыпты. 55 жылда еңселерін түсірмей, бізді адам қатарына қосқан, мәуелі қос бәйтерегіміз бола білген ата-анамызға мәңгі қарыздармыз. Балаларыңыз өмірдің бір сатысына көтерілсек, соның алғашқы баспалдағында Сіздер тұрсыздар. Бізге бүгінімізді жасап берген, болашағымызды бағдарлап, жол сілтеген ата-анамызға басымызды иіп алғыс айтамыз. Сіздер барда біз әрдайым сәбіміз, алаңсызбыз және кеудеміз қуанышқа толған бақытты жандармыз. Біздің бағымызға Алланың амандығында, баға жетпес байлығымыз болып, ұзақ ғұмыр кешсеңіздер екен деген тілегімді мына жолдар арқылы жеткізім келеді, — дейді мақтанышпен ұлағатты отбасы иелері Оразхан ағамыз бен Гүлшара апайымыздың балалары.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Респуб-ликасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 14 бабының 6, 8-1 тармақтарына және 113-1 бабына сәйкес Қарқаралы аудандық сайлау комиссиясының шешімімен: 2024 жылдың 4 тамызына Қарқаралы ауданы

Ынтылы ауылдық округінің әкімін сайлауы та-ғайындалды.

Қарқаралы ауданы Ынтылы ауылдық округінің әкімін сайлау жөнінде - Ынтылы ауылдық округінің шекарасында Ынтылы сайлау округі құрылды.

Қарқаралы аудандық сайлау комиссиясы

Қарқаралы аудандық сайлау комиссиясының орналасқан жері және құрамы Қарқаралы қаласы, Т.Әубәкіров көшесі, 19 үй. 3 каб. Тел 8-72146-31445, karkar_tik@krg.gov.kz

№	Сайлау комиссиясындағы лауазымы	ТАӘ
1	Комиссияның төрағасы	Нуркенов Слямиден Камашевич
2	Төрағаның орынбасары	Ахмадиев Канат Наркенович
3	Комиссияның хатшысы	Кабилов Жандос Еркинович
4	Комиссияның мүшелері	Ахметова Гүлдана Кадировна, Игишев Жасулан Куанович, Кенжебаева Анар Маратовна, Сулейменов Даурен Меирғалиевич

2024 жылғы 4 тамызға тағайындалған Қарқаралы ауданы Ынтылы ауылдық округінің әкімін сайлау кезіндегі сайлау учаскесінің орналасқан орыны және учаскелік сайлау комиссиясының құрамы

№ р/с	Сайлау учаскесінің нөмірі мен атауы	Учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан жері, орталығы және телефоны	Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы
Ынтылы сайлау округі			
1	№ 611 Ынтылы сайлау учаскесі	Ынтылы ауылы, Ынтылы ауылдық клубы, Бейбітшілік көшесі, 13 үй, тел:8-72146-50011	Төраға - Балмағанбетов Төлеген Шайкенович, Төраға орынбасары - Нұртаза Гүлзат Алпысбайқызы, Хатшы- Танирбергенова Жанагул Серикбаевна, Мүшелер: Кенешова Альфия Фаризовна, Коржингулов Дулат Саятбекович

Қарқаралы аудандық сайлау комиссиясы

Қарқаралы ауданы бойынша ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі 2024 жылғы 24 маусымдағы өткізілген конкурс жеңімпаздарының тізімі

Р/с, №	Жер учаске-сінің лот №	Жер учаскесінің сипаттамасы (топырақ түрі, алқап-тардың құрамы, балл бонитеті)	Жалпы алаңы, га	Жалға алу мерзімі, жыл	Конкурстық жеңімпаздың атауы, аты- жөні	Жеңімпазды анықтауға негіз болған шарттар
1	2	3	4	5	6	7
1	Абай а/о Лот №4	Қою қызыл топырақтар	1643,1896	20	Каймолдин Бауыржан Контайович	20 +10=30 балл комиссияның басым дауысы, 11-қолдады, 0-қарсы
2	Абай а/о Лот №5	Қою қызыл топырақтар	2000,0	20	Ныгметов Асылбек Рымбекович	20 +10=30 балл
3	Н.Нұрмақов а/о Лот №142	Қою қызыл топырақтар	606,3765	20	Сағындыков Аян Шугаевич	20 +10=30 бал-л(комиссияның басым дауысы, 7-қолдады, 4-қарсы)
4	Уғар а/о Лот №47	Қою қызыл топырақтар	495,6225	20	Омарханова Гүлжахан Иманғалиевна	20 +20+10=50 балл комиссия-ның басым дауы-сы, 11-қолдады, 0-қарсы
5	Уғар а/о Лот №45	Қою қызыл топырақтар	524,6325	20	Жунусова Баян Ибрагимовна	20 +20+10=50 балл комиссия-ның басым дауы-сы, 8-қолдады, 3-қарсы
6	М.Мамыра-ев а/о Лот №120	Қою қызыл топырақтар	187,1694	20	Шекин Мейрам Алпысбаевич	20 +10=30
7	М.Мамыра-ев а/о Лот №124	Қою қызыл топырақтар	1017,5654	20	Рахымбек Қанат Дәулетұлы	20 +10=30 балл комиссияның басым дауысы, 6-қолдады, 5-қарсы
8	Ынтылы а/о Лот №139	Қою қызыл топырақтар	600,0	20	Мустафин Бауржан Мадыевич	20 +10=30 балл комиссияның басым дауысы, 7-қолдады, 4-қарсы

Сүйінші!

«Салтанат» Польшаға аттанды

Осыдан 55 жыл бұрын Қарқаралының өнер мейрамдарынан құрылып, өз тарихында Франция (1976ж.), Германия (1982ж.) Түркіменстан (1985ж.), Қара-қалпақстан (1990ж.), Түркия (1995ж.), Болгария (2000ж.), Ресей (2003ж.) мемлекеттерінде қазақ ұлттық өнерін насихаттаған еді. Енді Қарқаралы ауданының «Салтанат» халықтық ән-би ансамблінің жаңа құрамы Польша мемлекетіне өнер сапарына шықты. 20 жылдан астам уақыттан соң ұлттық өнерді, өнерпаздарды қолдап, қазақ мәдениетін шетелге танытуда мүмкіндік берген облыс, аудан басшылығына зор алғыс білдіреміз. 35 адамнан тұратын ансамбль ұжымы алға қойған мақсаттарына жетсін. Сәттілік тілейміз!

«Қарқаралы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ



Qarqaraly

Аудандық қоғамдық-саяси газет

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2024 жылдың екінші жартыжылдығына арналған «Қарқаралы» аудандық газетіне жазылу науқаны жалғасуда.

Жеке тұлғалар үшін Индекс: 65626. 6 айға: 2257,26 теңге. Занды тұлғалар үшін Индекс: 15626. 6 айға: 3157,26 теңге.

Зейнеткерлер мен 1, 2 топ мүгедектер үшін Индекс: 55626. 6 айға: 1957,26 теңге.

Газетке жазылуды «Казпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде ресімдеуге болады.

87755483523 нөмірі арқылы жазылуға болады.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН,

«Қарқаралы» газетімен бірге болыңыздар!

Құттықтаймыз!

Қарқаралы қаласының тұрғыны, «Қайран жастық» ардагерлер ансамблінің мүшесі, қадірлі ана, немерелерінің сүйікті әжесі **Айтбикеш Досмағанбетова** 4 маусымда мерейлі 70 жасқа толып отыр.

Мерейлі 70 жасыңыз құтты болсын! Өр туған күн – ғажайып армандар мен жарқын үміттерге толы өміріңнің жаңа бастамасы. Өрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік өркімнің өмірінде әрқилы. Оны сырт көз өздерінше бағалап та жатады. Сондағы жалпының іздейтіні біреу: ол – кісілік келбет, адамгершілік қасиет. Көздеген шындарыңызды бағындырып, дідтеген мақсаттарыңызға жетуіңізге тілектеспіз! Тек қана туған күніңізде емес, әр күн сайын біз сізге өмірдің қуанышын, байлығын тілейміз. Шынайы бақыт иесі болуыңызға тілектеспіз! Отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, бала-шаға, немере-шөберелердің ортасында қартаймай, қажымай, ұзақ ғұмыр кешіп, армандаған мақсаттарыңызға жете беріңіз!



Тойыңыз әрқашанда тарқамасын, Өзіңізді балаларыңыз арқаласын, Жасыңызға дәл осындай жас қосылып, Көңіліңіз дариядай жарқырасын.

Ізгі ниетпен: **«Қайран жастық» ұжымы**

Құттықтаймыз!

Қарқаралы қаласының тұрғыны, әріптесіміз **ӘКІМ АЛТЫНГҮЛ ЖАНАТ-ҚЫЗЫН** 30 жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз! Осы қуанышты күні Сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Өрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын! Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз өрдайым артып, аңсаған арманыңыздың асуларына жете беріңіз!



Той-думан болсын өмірің сарқылмайтын, Бақыт берсін ешқашан таусылмайтын. Тілейміз сізге саулық, ұзақ ғұмыр, Орындалсын ой-арман тілегіңіз!

Ізгі ниетпен: **Қарқаралы қаласы БЖШО ұжымы**

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қамқор-Сарыарқа» БК» ЖШС Қарағанды қаласы Қарқаралы ауданында орналасқан мыс кен орнында жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою жоспарының «Қоршаған ортаны қорғау» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. 09.07.2024 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде <https://ecportal.kz>

Бірыңғай экологиялық порталында өңір өткізіледі. Шамамен.: материалдармен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ecportal.kz>

Ескертулер мен ұсыныстар: сілтеме бойынша қабылданады <https://ecportal.kz> Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20, тел 8 (7212) 56-81-66, expertiza.upr_krg@mail.ru.

Қосымша ақпаратты: «Қамқор-Сарыарқа» БК» ЖШС; e-mail: alexandra.koleno@yandex.kz , тел. 87774843260

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «СП «Камкор-Сарыарқа» сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту Раздел «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий проведения операций по недропользованию на месторождении медных руд Камкор расположенного в Каркаралинском районе Карагандинской области будет проведены на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz> с 09.07.2024 г. в течении 10 рабочих дней.

Прим.: с материалами можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz>

Замечания и предложения принимаются: по ссылке <https://ecportal.kz> и по адресу г. Караганда, ул. Лободы 20, тел 8 (7212) 56-81-66, expertiza.upr_krg@mail.ru.

Дополнительную информацию можно получить: ТОО «СП «Камкор-Сарыарқа»; e-mail: alexandra.koleno@yandex.kz, тел. 87774843260

Новейшее оборудование

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ СТИРКА КОВРОВ КРУГЛЫЙ ГОД

ВЫВОЗ/ДОСТАВКА БЕСПЛАТНО

+7 701 332 3507
+7 702 150 4478

@taza_like

Хабарландыру

Қарқаралы қаласы Теряев көшесінде 10 соттық жер сатылады. Бағасы 1 500 000 тг. Тел: 8700 520 11 20.

ЕСКЕ АЛУ

Қарқаралы қаласының тұрғыны, адал жар, асқар тау әке, ардақты аға, немерелерінің сүйікті атасы болған **Серік КЕМЕЛБАЙҰЛЫНЫҢ** бұл дүниеден өткеніне 13 шілде күні 40 күн болады.

Асқар тау әкеміз, анамызбен жарты ғасыр ғұмыр кешіп, бізді қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, қатарымыздан кем қылмай өсіріп, білім беріп, өмірде өз орнымызды табуымызға әкелік ғұмырын сарп етті.

Бірнеше жылдар әр салада басшылық қызмет атқарды. Әкеміз қызметіне адал, өте еңбекқор, абыройлы жан еді.

Өте балажан, немерелеріне ерекше мейірім мен махаббатын аямаған, жан жағына шуағын шашып, әр дайым тұла бойы ақылға тұнып тұратын, ағайын-туысқа өте бауырмал, жанашыр, асыл азамат еді.

Үйіміздің алып бәйтерегі, қорғаны болған ардақты жанның бүгінде ортамызда жоқ екеніне әлі де сене алар емеспіз. Әкеміздің жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.



Біздер үшін асқар едің, шың, асқақ, Сенсіз қалды жанымыз да тым ақсап. Жанарларды жәудіретіп мәңгілік, Кеттің, әке, жанымыздан жырақтап.

Сен кеткенде жанарлар да жылап тым, Жігеріміз кетті сынып, сулап мың. Жан әкешім, жаның болғай әрқашан, Ең ерекше, ақ төрінен жұмақтың.

Еске алушылар: **жұбайы, балалары, немерелері, туыстары Марқұмның 40 күндік асы 13 шілде күні «Айжұлдыз» кафесінде сағат 13:00-де беріледі.**

Асқа ағайын-туыс, көрші-қолан, құда-жекжат, дос-жаран, көзкөрген жандарды шақырамыз.

ЕСКЕ АЛУ

Семей қаласының тумасы, ардақты әкеміз Құрым келіні **Сексеналина Нурилә Қожамқұлқызының** дүниеден өткеніне 29 маусым 2024 жылы 10 жыл толып отыр. Ортамызда жүрген асыл әкеміз отбасымыздың ақылшы, қамқоршы, жанашыр болып, ағайын-туыстың арасын біріктіріп отыратын еді. Ақпейіл әкеміздің орыны ойсырап, жүректерімізге түскен қайғының ізі 10 жыл өтседе суымады. Жаны жәннатта, тәні рахатта болсын деп рухына дұға бағыштаймыз.

Осыдан 1 жыл бұрын әкеміздің жалғыз артта қалған баласы жан әкеміз де өмірден озған еді. Жалған-ай, ажалға қарсы тұрар шара бар ма? Сұм тағдыр асқар тауымызды ортамыздан ерте алып кетті. Әкеміз бен әкеміздің аяулы да ардақты бейнесін сағына еске аламыз. Жатқан жерлеріңіз жарық, топырақтырыңыз мамық, жандарыңыз жәннаттың төрінен болсын деп тілейміз.



Болмағанмен ортамызда бүгінде, Жүресің ғой, асыл әже-әке, көңілде. Басқан ізің өшпейді еш өмірде. Орның биік, ойсыраулы төрімде.

Сағынышпен еске алушылар: **келін-қыздары Дәмеш, Кулпан, немерелері Руслан, Руфия, Бақыт, Жандос, Елдос, Абылайхан, немере-күйеу балалары, немере-келіндері, шөберелері**

ЕСКЕ АЛУ

Қарқаралы қаласының тұрғыны, аяулы анамыз **ЖАРКЕЕВА ЖАМАЛ ХАСЕН-ҚЫЗЫНЫҢ** қайтыс болғанына 5 шілдеде 40 күн толып отыр.

Өмірдің белесінде еңбектің бейнеті мен зейнетін көріп, қажымай, талмай еңбек еткен анамыздың нұрлы бейнесі жүрегімізде. Ақ көңіл анамыз ортамызда жоқ екеніне әлі де сене алмаймыз. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, балаларын қатарынан кем қылмай төзімділікке, еңбекқорлыққа баулып, өмірдегі өз орнын тауып, дұрыс адам болып қалыптасуына әкемізбен бірге аналық ғұмырын сарп етті.

Жалған-ай, ажалға қарсы тұрар шара бар ма? Сұм тағдыр 40 күн бұрын асыл анамызды ортамыздан алып кетті. Жатқан жері жарық, топырағы мамық, жаны жәннаттың төрінен болсын деп тілейміз.

Құрметті ағайын-туыс, бауырлар, көрші-қолан, құда-жекжат, дос-жаран, көзкөрген жамағат Сіздерді аяулы анамыз Жаркеева Жамал Хасенқызының рухына бағышталған 40 күндік асына шақырамыз.

Марқұмның 40 күндік асы 5 шілде күні Құнанбай Қажы көшесі 25 мекенжайында орналасқан «Аңсар» хатымханасында сағат:14:00-де беріледі.



Еске алушылар: **балалары**

Елімізде алғаш рет жас мамандарға арналған **Jas Kenes Siylygu** байқауы ұйымдастырылды. Оған 35 жасқа дейінгі қазақстандықтар қатыса алады. Өтінімдерді қабылдау 21 шілдеге дейін жалғасады.

Сыйлық қазақстандық қоғам үшін маңызды салаларда жұмыс істейтін (басшы емес) жас мамандарға беріледі.

Өтінімдер жеті номинация бойынша қабылданады:

-Janqiarlyq – құқық қорғау органдарының, авариялық-құтқару қызметтерінің және қоғамдық қауіпсіздік жүйесінің өзге де ұйымдарының қызметкерлері үшін;

- Altyn jürek – орта және кіші медициналық персонал үшін (жедел медициналық көмек, акушерлер, санитарлар және т. б.);

- Önerkäsir - өңдеу өнеркәсібінің, тау-кен металлургия кешенінің, агроөнеркәсіптік сектордың, тамақ өнеркәсібі ұйымдарының, энергетика секторының қызметкерлері және өндірістік сектордың басқа да өкілдері үшін;

- Bolaşaq turaly qatqorlyq – мектепке дейінгі, орта, орта арнайы білім беру мекемелерінің педагогтеріне, сондай-ақ мамандандырылған



қызметтер көрсететін инклюзивті оқу орталықтарының қызметкерлеріне арналған;

- Adamgerşilik – балалар үйлерінің, қарттар үйлерінің, хоспистердің, жануарларға арналған баспаналардың және осындай әлеуметтік қызметтер көрсететін өзге де ұйымдардың қызметкерлері үшін;

- Kömek qoly – Қазақстанда және одан тыс жерлерде зардап шеккендерге және мұқтаж адамдарға ерікті көмек көрсетуді ұйымдастыруда өзін көрсеткен еріктілер үшін;

- Bizdiñ üi – коммуналдық және инфрақұрылымдық қызметтердің қызметкерлері,

ПИК, МИБ (сантехник, электриктер және т. б.) қызметкерлері, сондай-ақ елді мекендердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге жауапты өзге де ұйымдар үшін.

Негізгі ақпараттан басқа, үміткерлер ұсыныс және мотивациялық хаттар ұсынуы керек. Конкурстық іріктеу үш кезеңде өтеді. Іріктеуден кейін оларды сыйлықтың құрылтайшыларымен сұхбат күтеді, оның нәтижелері бойынша әр номинация бойынша екі жеңімпаз таңдалады. Jas Kenes Siylygu лауреаттары миллион теңгеден алады.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау сайтта 2024 жылғы 21 шілдеге дейін жалғасады <https://www.jaskenes.kz/application>.

Сыйлықтың құрылтайшысы – ҚР Президенті жанындағы жастар саясаты жөніндегі кеңес. Жоба ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен жүзеге асырылуда.

Сыйлықақы және кеңес қызметі туралы толығырақ ақпаратты сайттан алуға болады <https://www.jaskenes.kz>.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі

Біздің электрондық поштамыз: Karkaraly_TOO@mail.ru

Кауырсын қалам

Бекзат АЛТЫНБЕК

Бекзат АЛТЫНБЕК 1993 жылы 30 желтоқсанда Қарағанды облысы Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылында туған. Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың филология факультетінің түлегі. 2012 жылы жас прозашылардың арасында өткен Ғ.Мұстафин атындағы облыстық бәйгеде «Нағыз дос туралы аңыз» атты повесі «Жанрлық ізденіс» аталымында үздік деп танылды. 2013 жылы филология факультетінде Құрбан айтқа орай ұйымдастырылған, 2017 жылы М.Әуезовтың туғанына 120 жыл толуына арналған Қарағанды қаласының жастары арасындағы проза бәйгелерінің жеңімпазы. Әңгімелері мерзімді басылым беттерінде, сайттарда жарық көріп тұрады. Шет аудандық кітапханасында, облыстық тілдер басқармасында қызмет атқарған. Қазіргі таңда Қарағанды қаласындағы Нұркен Әбдіров атындағы мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі.

Көкжиiek

Рауанның алдындағы елең-алаңда үңгірдің аңырайған аузынан әудем жерде келе жатқан көсемнің сұлбасын көзі шалды. Бұл оны қолындағы көсемтаяғы мен алшаң басқан адымынан жазбай таныған. Қараңдаған кескін барған сайын ұлғая, барған сайын сұстана беріп, тура кіреберісте тұрып қалды. Сом тұлғалы, кеудесі түкті тайпабасының таяғының төбесіндегі мүйізі әсем қайқиған таутекенің аппақ бассүйегі анық аңдалады.

Төмен қарап, ортадағы оттың қасында қос қолдап әлденені езілгеп отырған жан кіре берістеріге назар салар емес, тіпті. Оның келе жатқанын көрген сәттен басталған мазасыздығын шұңқырға салып қойып жанышқылап жатыр ма, қалай... Ағаш таяқтың ұшы аяқ астындағы тасқа сарт тигенде селк етті-ау.

— Ө, көсем! — Дауысы саңқылдап шықты. — Жоғары шық. Төрлет..., — деді қолының ұшын су толы басқа ойыққа матырып жатып. Кейінгі айтқан сөздері алдыңғыдан бәсеңдеу: есіне бір ойлар оралды ма, кім білсін... Көсем жалаңаш табанын үңгір еденімен қауыштыра, аяғын нығарлай басып ішке енді. Айналасына зейінмен сынай қараса, қабырғаның бірсыпыра бөлігін түрлі сурет алған екен. Жанарын сол самсаған жаратылыс-мақұлықатқа тоқтатты да:

— Мынауың не тағы?! — деді таяқтың төбесіндегі текенің басымен нұсқай.

— Сурет... Ө-іі, к-кеше етті көп жел қойыппы-ы-н...

— Доғар қылжақты! Мен саған ұғынықты болсын дегем жоқ па?! Қай түні аңға кеткенімізді, үңгірлерімізге қанша түн, қанша күннен соң қайтып келетінімізді... жазбайсың ба, Тәңір-ау! — Шатынай, таяғын жерге тарс-тарс ұра сөйледі. — Сенікі не шатпақ?!! Бояушы дегенге... Хы! — Мен суретшімін. Бояушы емеспін!

— Бәрібір ғой... Бауырым, Ағыл!.. Жақсылап ұғып, жадына жамап алшы, айналайын! Ендігі қар жауғанда біз көшміз бұ аймақтан. Артымыздан Таудұғар тайпасы қоныстанбақшы. Ол бауырларымызға бұл маңның

топырағы мен тасы, суы мен нуы, аңы мен құсы жайлы мағлұмат қалдыруымыз парыз.

Көсем мейірбан көзбен қарай, қоңыр үнмен тіл қатқан.

— Далағұт тайпасының абыройы үшін!..

— Далағұт, — деп қайталады Ағыл. — Тайпам.


...Үңгірдің іргесіне ірі денелі кісінің көлеңкесі түсті қайта. Бұл — ішке енбей, кіреберістен шолып тұрған баһадүр тұлғалы адамның сұлбасы. Тайпасының бақысылықтың басқа үлгісімен шұғылданатын мүшесі ұйықтаған орнынан күрк-күрк жетеле түрегелді. Оның аузынан «Жоғарылат!» деген сөз шығып үлгерместен, көсем ентелей кірген. Ағылдың баспанасының тең жарымында бейқам жайылған аң мен құсқа қадала:

— Иә, ақпар қайда?.. Мына... шеті жоқ шимайдан не түсініп боламыз?! Кеше ғана, кеше ғана санаңа түйгендей ең ғой... ей, қалай салу керектігін... Ай-ай! — деген қабағын түйіп.

— Несі күрделі? Несі ұнамсыз? — Суретші оның жанына барды. — Мынау — аң, анау — сіздер. Мұнда бұғы аулап жүрсіңдер. Бұғылыда. Ана тұстағы сүгіретте кербез киікті нысаналап, садақ тартаңсың. Өне жебе суылдап... Түүшш!! Есті!... Иә, бұл — Киікті жерінде... — Ыңылдады ма, үілдеді ме, жоқ ысықырды. Сөйтті де, лезде есін жиып ала қойды. — Ақпаратты ақтарғам жоқ па, тақсыр?! — Қош. Мақұл делік. Ал мына... ортадағы... неғылған жаратылыс? Адам атамыздың зәуазатына келіңкірейді, бірақ... Гүл ме мынау, басының орнындағы? — Қағыл төне үңілді. Көзі шүңірейіп кетті. Ойланғаны.

— Хе! Күн — ол! Қалай жеткізсем екен... ммм...

— Дүдәмал! — Тайпабасы өткір жанарын жарқ еткізе, бояушыға назарын шорт бұрды. — Сенің қияли ойларыңның ықпалынан... ұста Шадыр шалдың ұлын айтпақпын... е, саған еліктеп-солықтап кескін сызатын көрінеді, жатып алып. Қиқар екен өзі!.. Aaahh! Саған қайтсем



болады?! Бізбен бірге аң аулаудың қандайына да куә болған жоқсың ба?!.. Әдейі ертп жүрдім, бұ күнде күллі жұмыстан босаттым ғой! Еркелеп бақтың... Көзім мен тілім боласың дегем жоқ па, бауыры-ы-ым?! Енді қалай етпедің демексің? Ағыл тас едендегі шұңқырға қараған. Қағыл өзі үзген сөзін өзі жалғады.

— Соңғы мүмкіндік беремін! Болмаса, өкпелемейсің! Төзім де түгесіледі.

Суретші ұзап бара жатқан көсемін жанарымен шығарып салғандай, кірпігін де қақтастан ұзақ тұрды. Екі көзі Қағылдың оң жағындағы бір еңкейіп, бір тіктелген бассүйекте екенін тірі жан білді ме?!

«Мүмкін... мүмкін осыны тәмамдаған соң... Жоғалтып алмауым қажет... Санамның түкпірінде жата бер әзірге... Күт мені, қауышамын саған, уа, Бейне! Ееһ, қаша-а-н...» деген кішігірім пәндеуі құйтырқылық мына сыбырлағаннан кейінгі сәтте пәнде екенін мойындағандай маңдайын жерге тигізгені.

«Жалғыз Тәңір!! Тәңірім!! Мен бейбақта Сенен өзге кім бар?!.. Ғұмырымды аман сақтай гөр! Әзір өлгім келмек емес! Өлуіме болмайды мүлде! Ешқашан!.. Сол себептен қиялым мен қолыма Өзің жар бола гөр!..»

Көкжиегі кесілген, көдесі кәрияның ақ шашындай баяу тербелген, топтасып өскен тапал қарағаны

қалың қолдай сесті көрінетін жазық. Талай дақыртқа да, даңқа да куәгер, әйткенмен сырға берік момын шоқылар алыстан мұнартады.

Адам ата жиын ашқандай, Даланың күллі жан-жануары әр тараптан ағылды, жандәрмен Үңгірге асықты.

Тағы жылқының құйрығынан ұшқан тозаң ба, бәлки азат жыланның бауырынан көтерілген шаң ба, топырақтың жүз мыңдаған түйіршіктері көкке ұмтылған сәтте бұлттар мөлтілдек тамшы болып селдірей төгілген... Алай-дүлей, астаң-кестең әлемтапырық... Құпиялылығына шөк келтірілмейтін Көкжиектің өзі шартты дүние екен ғой...

Бәрі бір қауызға сыйып кеткені ме?! Жаратқанның туындылары... Жо-жоқ, Суретшінің қиялының перзенттері!.. Түп-тұқиянымен Үңгірде! Олар біресе сылбыр қалықтай, біресе еліре секіріп билегенде жадына жармасып-ақ баққанынан қайыр нешік, бейғадет ретсіз қимылға бұл да қосыла кеткенін өзі бажайламай қалды-ау... Жердегі бұл бірде көкте жүр, көктегі бұл енді жерде жүр...

Буын-буыны сетіней талып түскені-ай...

Үңгірдің аузында кесек тұрпатты өлдекім тұр. Қарашығымен іргені, төбені, төменді саспай шарлауда. Түгелі — сүгірет! Жарты Айдың не дөңгеленген Күннің сипаты сыяр бос орын табылмасы анық... Сәл мезет өзінің үлкен бақайына үңілгендей көрінді де, күрсіне басын көтерді.

— А-ғыл-л!! — деп үн қатты, ұйықтап жатқан бояушыға қараған күйі.

«Ө, құл!!» болып естілген қаратпа сөзден ананың терісі жыбыр ете қалды. Лезде оянуын оянды-ау, — сүйретіле зорға түрегелді. Тәні малмандай су. Таңырқады да:

— Түнде жаңбыр етіп кетіпті үстімнен. Тыста сөйілдеп ем, — деп жымылып отырды.

— Қайдағы жауын?

Кенет көсем артына бұрылып, ымымен әлденені жеткізсе керек, еңгезердей екі жігіт баса-көктеп кірді. Білегін қайырып, сүйрелей жөнелгенде, бір түннің ішінде беті қатпар әжімденіп кеткен суретшінің кеудесін «Тоқтаңдар!» деген ышқыныс жарып шықты. Көсем рұқсаттың ишарасын білдірген. Анау жата қалып, өзінің ең кейін салған Күн басты адамына ернін тигізе түрегелгенін қайтесің...

— Жасыл жапырақтың сыбдыры... жазғы саф ауаның жұпары... Неге теңер ең бұларды? — деген еді Ағыл ұстаз сол бір кеште, отқа ағаш салып отырып. — Әй, Балабағзы!

Темірші Шадыр қарттың ұлы жауапты ұзақ күттірген жоқ.

— Жапырақ... жасыл деп кім айтты сізге?! Көктем мен жазда жасыл шығар, алайда күзде сары. Қыста, тіптен, жапырақ таппайсыз. Сонда қалайша «Жапырақ жасыл!» демекпіз?!

Анау аң-таң.

— Саф ауаның иісі? Таза ауада иіс бола ма?!. Ауаны иіскеймін деп әуре-сарсаңға түскенше, ха-ха-ха, оны көрген, яғни бақылаған құп шығар. Самал, жел, құйын, дауыл... сол ауаның қозғалысы ма деймін.

— Ай, жарайсың, шәкіртім!! Бөлекше ойлайды-әй!.. — Денесін қытықтап өткен сезімінің әсерінен бе, өзінің отқа екі-үш томарды артығырақ тастап жібергенін байқамай қалыпты-ау.

Жалақтаған отқа жалына енетін кесілген ағаштай емес, жанын шыбын кейпінде көз алдына әкелген тас жаңғырған естелікті де үгіп жібере жаздапты. Шабармандар Ағылдың оң қолын ұрғылап жатқанда, Қағылдың жанарында ұста шалдың қызған темірді төске салып соққаны бұлдыраған еді. Неге? Неге ғана дәл сол кейіп көлбөндеді екен?... Есуас күлкі қысып әкетіп бара жатқаны!.. Бұландаған елес сауыт мінез мұның өзін көз алдындағы оқиғаға тіке қарап тұра беруге шыдатпады. Кілт, жаны жүрегіне жалғанған тұс кірт ете қалғандай... Бірақ, өттегені-ай, әлі тірі!! Өлген әм тірі.

Даланың күллі жан-жануары әр тараптан ағылды, жандәрмен жаза орнына асықты. Тағы жылқының құйрығынан ұшқан тозаң ба, бәлки азат жыланның бауырынан көтерілген шаң ба, топырақтың жүз мыңдаған түйіршіктері көкке ұмтылған сәтте бұлттар мөлтілдек тамшы болып селдірей төгілген... Алай-дүлей, астаң-кестең әлемтапырық... «Құпиялылығына шөк келтірілмейтін Көкжиектің өзі шартты дүние екен ғой...» деген өз тұжырымына таңғалды көсем...

Өнеркәсіп



Жаңа инвестордың жақсы қадамы

Осы аптада аудан әкімі **Әділжан Арғынов жұмыс сапарымен Шарықты ауылдық округіне қарасты «Көктасжал» кен орнындағы «Алтай полиметаллы» кәсіпорнына барды. Сапар барысында аудан басшысы кәсіпорынның қазіргі жағдайын біліп, өндіріс ошағының жұмыс жағдайымен және алдағы жоспарларымен танысты.**

Түркиядан келген инвесторлар өз жоспарларына сәйкес жұмысын жалғастыруда.

Жаңа басшылық ақпаннан бастап жұмыскерлердің жалақысын көтерген, инженерлік-техникалық қызметкерлер — 17%, жұмысшылар - 23%.

Жыл басында 683 адам жұмыс істесе, бүгінгі күні жұмыскерлер саны 750-ге жеткен.

Бүгінгі таңда бір өндіріс желісі жұмыс

істесе де, кәсіпорын тұрақты түрде жұмыс істеп тұр. Өндірістің екінші желісі үшін қосалқы бөлшектерді жеткізу жұмыстары жүргізілуде.

Шығарылған дайын өнім — мыс қойыртпалары тұтынушыға кедергісіз сатылуда. Кәсіпорынның жұмысшылар алдындағы жалақы бойынша берешегі жоқ.

«Қарқаралы ауданының әкім аппараты» ММ

«Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» ЖШС Директоры — Бас редактор **Құрманғазы ӨТЕБАЙ**

100800 Қарқаралы қаласы, Ө.Бөкейханов к., 40 үй
Бас редактор — 31-3-50 (факс)
Қабылдау бөлімі — 31-7-84, 8-775-548-35-23
Бухгалтерия — 31-4-56
E-mail: Karkaraly_TOO@mail.ru
Біздің есепшотымыз:
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қарағанды қаласы, ИИК KZ326010191000161842, БИК HSBKZZKX БИН 990940002210

Газет жергілікті «Қарқаралы» газеті редакциясы баспаханасында теріліп, беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Арқо» ЖШС (Сәтбаев к., 15) баспаханасында басылды.

Меншік иесі: «Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Құрылтайшысы: Жұмаханова Ғ.С. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
2019 жылдың 19 маусымында N17756-Г куәлікпен тіркелген.
Автордың пікірі редакцияның көзқарасымен сәйкес келе бермейді.

Газет сенбі сайын шығады. Көлемі 2 баспа табақ. Индекс 65626. Таралымы 2582. Тапсырыс 26